



М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ Университетіне оқуға
түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу
туралы ереже

01-нұсқа
«04» Шілде 2025 ж.
1 бет

**М.С. НӘРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗГЮУ
УНИВЕРСИТЕТІНЕ ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕР МЕН
БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЖЕКЕ ОҚУ АҚЫСЫН
БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Дана № _____ түпнұсқа

Көшірме № _____

Астана, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

1 Жұмыс тобымен **ӘЗІРЛЕНДІ:**

Жұмыс тобының жетекшісі - Білім алушыларды қаржылай қолдау және түлектермен байланыс бөлімінің басшысы Абилдаева А.С.

Әзірлеушілер:

1. Білім алушыларды қаржылай қолдау және түлектермен байланыс бөлімінің басшысы Абилдаева А.С.
2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы – Крушинский М.А.
3. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары - Идрисов Р.Р.

2 Басқарманың қарауына 2025 жылдың "04 " шілдесінде **енгізілген**, 2025 жылдың " " қайтадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

3 БЕКІТІЛДІ Басқарма шешімімен 2025 жылғы «04» шілде, № 18 хаттама, 2025 жылғы « » _____ енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен, № ____ хаттама.

2025 жылғы «04» шілде, 2025 жылғы « » _____ енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен **КҮШІНЕ ЕНДІ.**

4 САРАПТАМАЛЫҚ ТОП:

- Басқарма төрағасының бірінші орынбасары – Кудайбергенов Г.Б.
- Бас бухгалтер – Увалиева Б.Б.
- Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы – Крушинский М.А.
- Қаржылық даму және бақылау бөлімінің басшысы – Амиржанова Б. С.
- Маркетинг және сату департаментінің басшысы – Жекшенова Н.М.

5 ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

1 жыл

6 М. Нәрікбаев атындағы «КАЗГЮУ Университеті» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 04 сәуірдегі № 06 хаттамасымен бекітілген, 2025 жылғы

04 шілдедегі № 18 хаттамамен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ-тың оқуға түсушілер мен білім алушылар үшін жеке оқу ақысының мөлшерін белгілеу және тағайындау туралы Ереженің орнына **КҮШІНЕ ЕНДІ**.

Осы Ережені «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ Басқарма Төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, қайта басып шығаруға және таратуға болмайды.

1. Қолдану аясы

1.1. М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Университеттің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде дарынды, оқуға ынталы талапкерлер мен студенттерді қолдау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ (бұдан әрі - Университет) барлық бөлімшелерінің қолдануы үшін міндетті.

1.3. Осы Ереже Университетте білім алушылардың жеке құнын белгілеу тәртібі мен рәсімін айқындау мақсатында Университетте және оның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі пайдалану үшін арналған.

2. Нормативные ссылки

2.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік және нұсқаулық құжаттарына, Университет Жарғысына, Университеттің атқарушы органының (Басқармасының), Ғылыми кеңесінің шешімдеріне, сондай-ақ Университет Басқармасы Төрағасының бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

3. Атаулар мен қысқартулар

3.1. Осы Ережеде мынадай белгілеулер мен қысқартулар пайдаланылды:

- ЖОО - жоғары оқу орны;
- ҚҚБ - Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы;
- БЕБ - Бухгалтерлік есеп бөлімі;
- ҚДББ - Қаржылық даму және бақылау бөлімі;
- СЖПЕ - Стратегиялық жоспарлау және персоналды есепке алу департаменті;

БМ КАЗГЮУ - КАЗГЮУ Бизнес мектебі;

БАҚҚББ - Білім алушыларды қаржылық қолдау
және бітірушілермен байланыс бөлімі;

ӘБП - Әкімшілік-басқару персоналы;

ПОҚ - Профессорлық-оқытушылық құрам;

ҚР ЕК - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

4. Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1. Осы Ереже Басқарма шешімімен бекітіледі.

4.2. Осы Ережеде көрсетілген талаптарды енгізу және орындау, ереженің нақты кезеңдерін орындау бойынша қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін Білім алушыларды қаржылық қолдау және бітірушілермен байланыс бөлімінің басшысы жауапты болады.

4.3. Бөлімшедегі құжаттардың сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың таралуына Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауапты болады.

5. Жалпы ережелер

5.1. Осы Ереже университет білім алушыларының жеке оқу құнын белгілеу тәртібін, олардың мөлшерін, шарттары мен қолданылу мерзімін айқындайды.

5.2. Осы Ереженің күші жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (бакалавриат, магистратура, докторантура, КАЗГЮУ Бизнес Мектебі (МВА, DBA) бойынша университет білім алушыларына қолданылады.

5.3. Университетте оқудың жеке құны білім алушылардың әртүрлі санаттары үшін осы Ережеде көрсетілген мерзімге белгіленеді.

5.4. Оқу жылына бөлінетін қаржылық қолдаудың жалпы көлемін атқарушы орган (Басқарма) бюджетке сәйкес және тиісті қаржы жылындағы қаржылық есептіліктің нәтижелері бойынша білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімінің ұсынысына сәйкес айқындайды.

5.5. Егер білім алушы бірнеше негіздер бойынша оқудың жеке құнын белгілеуге үміткер болған жағдайда, оған оның қалауы бойынша тек біреуі ғана тағайындалады, бұл туралы білім алушыларға білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөліміне өтініш беріледі.

5.6. Оқытудың жеке құнын белгілеуге өтініш беру әр оқу жылының 25 тамызынан 15 қыркүйегіне дейін және 15 қаңтарынан 5 ақпанына дейін жүргізіледі. Өтініш беру білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөліміне жүзеге асырылады.

5.7. Білім алушылар белгіленген жеке құнынан асатын оқу құнын төлеген жағдайда, туындаған төлем айырмасы кейінгі академиялық кезеңдерге ауысады. Бітіру курсының білім алушыларына пайда болған артық төлем оқу аяқталғаннан кейін қайтарылуға жатады.

5.8. Әрбір санат үшін көрсетілген тиісті құжаттарды ұсынған кезде осы Ереженің 6 және 7-бөлімдерінде көрсетілген болған оқиғалардың бірі білім алушының жеке оқу құнын белгілеу үшін өтінішін қарау үшін негіз болып табылады.

6. Оқытудың жеке құнын белгілеуге арналған санат түрлері

6.1. «Отбасылық» санаты

Жеке оқу ақысы бір отбасынан шыққан (туысқан бауырлары, әпкелері, күйеуі, әйелі, балалары) білім алушыларға және non-degree тыңдаушыларына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін білім алушының тиісті түсу/қайта түсу жылына арналған Қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес белгіленеді.

Бұл жеке оқу құны бір отбасынан шыққан контингенттің көбеюін ынталандыру мақсатында ұсынылады.

Талаптар/ Критерийлер:

1. Төмендегі құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмелерін ұсыну қажет:

1.1. туыстықты растайтын құжаттар (туу туралы куәлік және білім алушылардың/тыңдаушылардың жеке куәлігі);

1.2. неке қию туралы куәлік (жұбайлар үшін).

2. «Отбасылық» санаты бойынша жеке оқу ақысының мөлшері отбасындағы бір мүшенің оқудан шығарылуына немесе оқу процесін аяқтауына дейін қолданылады. Жеке оқу ақысының мөлшері әрқайсысына жеке белгіленеді.

3. Жеке оқу ақысының мөлшері отбасындағы екінші мүше Университетте бір мезгілде оқу кезеңіне басқа ЖОО-дан ауысу тәртібімен қабылданған жағдайда қолданылады.

	М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне оқуға түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу туралы ереже	01-нұсқа «04» Шілде 2025 ж. 6 бет
---	---	--

4. Оқуға түсушілер және білім алушылар/тыңдаушылар «Отбасылық» санаты бойынша жеке оқу ақысының мөлшерін белгілеуге құжаттар мен өтінішті осы Ереженің 5.6-тармағында көрсетілген кезеңде Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөліміне тапсырады.

6.2. «Біздің адам» санаты

Оқудың жеке құны жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына (магистратура, докторантура, КАЗГЮУ БМ) білім алушы ретінде түсетін Университеттің жоғары білім беру бағдарламасының (бакалавриат) түлектеріне, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасына (магистратура) түсетін non-degree тыңдаушыларына белгіленеді.

Оқытудың жеке құны білім алушы оқуға түскен/қалпына келтірілген тиісті жылға арналған Қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес белгіленеді.

Талаптар/ Критерийлер:

1. Университетті бітіргені туралы дипломның түпнұсқасы мен көшірмесін ұсыну қажет.
2. Жеке оқу құнының қолданылу мерзімі ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу ақысы уақтылы төленген жағдайда оқудың бүкіл кезеңіне белгіленеді.

6.3. «Корпоративтік» санаты

Оқудың жеке құны Бизнес мектебінің бағдарламаларына кемінде 3 (үш) тыңдаушы жіберетін Бизнес мектебінің серіктес ұйымдары болып табылатын БМ тыңдаушыларына белгіленеді.

Талаптар:

1. Оқудың жеке құны Бизнес мектебінде оқу мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.
2. Әрбір тыңдаушы бойынша жеке құн білім алушыны қабылдау/қайта түсу оқу жылына арналған *Қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес белгіленеді.*

Ерекше шарт: Жеке құн тек бір білім беру бағдарламасына ғана белгіленеді.

3. ҚР Еңбек кодексінде көзделген кез келген негіздер бойынша қаржыландырылатын компаниямен еңбек шарты бұзылған/жұмыстан шығарылған жағдайда, белгіленген жеке құн шарт бұзылған сәттен бастап жойылады.

4. Білім алушыны Университеттен шығару кезінде негіздеріне қарамастан, белгіленген жеке оқу ақысы оқудан шығару туралы бұйрық шығарылған кезден бастап жойылады. Бұл ретте, қалған (3-тен кем) тыңдаушылар Еңбек шартын бұзу туралы бұйрық/хабарлама берілген сәттен бастап Қызметтер құнының тізілімінде бекітілген оқу ақысын толық төлеуге міндеттенеді.

6.4. «Ұрпақтар сабақтастығы» санаты

Жеке оқу ақысы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсетін Университет түлектерінің балаларына (білім алушыларға және non-degree тыңдаушыларға) білім алушының/тыңдаушының тиісті түсу/қалпына келтіру жылына арналған *Қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес белгіленеді.*

Талаптар/ Критерийлер:

1. Мына құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін ұсыну қажет:

1.1. туыстықты растайтын құжаттар (туу туралы куәлік және жеке куәлік);

1.2. ата-анасының Университетті бітіргені туралы дипломы.

2. Жеке оқу ақысының қолданылу мерзімі ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу ақысын уақтылы төлеген жағдайда және білім алушының тиісті сессияның нәтижелері бойынша үлгерімінің орташа балы - GPA 2,67-ден төмен болмаған жағдайда бір академиялық кезеңге (семестрге) ұзартылады.

3. Оқуға түсушілер мен білім алушылар/тыңдаушылар осы Ереженің 5.6-тармағында көрсетілген кезеңде Білім алушыларды қаржылай қолдау

және бітірушілермен байланыс бөліміне құжаттар мен оқу ақысын жеке айқындауға өтініштер береді.

6.5. «KAZGUU School түлегі» санаты

Жеке оқу ақысы "KAZGUU School" КАЗГЮУ мектебінің жоғары білім беру бағдарламаларына (күндізгі оқу нысаны) түсетін түлектеріне білім алушының тиісті түсу/қалпына келтіру жылына арналған *Қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес белгіленеді.*

Талаптар/ Критерийлер:

1. "KAZGUU School" мектебін бітіргені туралы аттестаттың түпнұсқасы мен көшірмесін ұсыну қажет.
2. Жеке оқу ақысының қолданылу мерзімі ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу ақысын уақтылы төлеген жағдайда және білім алушының тиісті сессияның нәтижелері бойынша үлгерімінің орташа балы - GPA 2,67-ден төмен болмаған жағдайда бір академиялық кезеңге (семестрге) ұзартылады.
3. Оқуға түсушілер мен білім алушылар/тыңдаушылар осы Қағидалардың 5.6-тармағында көрсетілген кезеңде білім алушыларды қаржылай қолдау және бітірушілермен байланыс бөліміне құжаттар мен оқу ақысын жеке өзгертуге өтініштер береді.

«6.6. «КАЗГЮУ – біздің үйіміз» санаты

Жеке оқу ақысы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсетін Университет қызметкерлеріне, олардың балалары мен жұбайларына білім алушының/тыңдаушының тиісті түсу/қалпына келтіру жылына арналған *Қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес белгіленеді.*

Бұл жеке оқу ақысы Университет қызметкерлерін қолдау мақсатында ұсынылады.

Талаптар/ Критерийлер:

1. Келесі құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін ұсыну қажет:

Қызметкерлерге (штаттық ӘБП, ПОҚ): - Стратегиялық жоспарлау және персоналды есепке алу департаментінен анықтама ; Қызметкерлердің балаларына:

- туу туралы куәлік/бала асырап алу туралы соттың шешімі, қорғаншылық/қамқоршылық органдарының шешімі; Қызметкерлердің жұбайларына:

- неке туралы куәлік.

2. Осы санаттағы оқытудың жеке құнын белгілеу үшін Университет қызметкерінің 1 және одан да көп күнтізбелік жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

3. **Ерекше шарт:** Рентабельді академиялық ағынды қалыптастыру кезінде оқытудың жеке құны белгіленуі мүмкін.

4. Барлық шарттар сақталған жағдайда жеке оқу құнының қолданылу мерзімі келесі кезеңдерге беріледі:

- бакалавриат – 4 академиялық жыл;
- бейінді магистратура - 1 академиялық жыл;
- ғылыми-педагогикалық магистратура - 2 академиялық жыл;
- докторантура - 3 академиялық жыл;
- КАЗГЮУ Бизнес мектебі:
 - ЕМВА – 1 академиялық жыл;
 - MBA – 2 академиялық жыл;
 - DBA – 3 академиялық жыл.

5. Еңбек шарты ҚР Еңбек кодексінде көзделген кез келген негіздер бойынша жұмыстан шығарылған/бұзылған жағдайда, белгіленген жеке құн еңбек шарты бұзылған сәттен бастап жойылады.

7. «M. Narikbayev Scholarship» бағдарламасы бойынша санаттардың түрлері

М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің «M. Narikbayev Scholarship» бағдарламасы Қазақстан Республикасының, сондай-ақ ТМД елдерінің дарынды талапкерлерін бакалавриат бағдарламаларына және магистратураға оқуға тарту мен қолдау мақсатында әзірленген.

Бағдарламаның талаптары, іріктеу критерийлері және конкурс өткізу кезеңдері бағдарламаның Ережесімен реттеледі.

Талапкер мемлекеттік грант иегері болған жағдайда, сондай-ақ жеке оқу ақысының мөлшерін белгілеу шарттарымен келіспеген жағдайда ұсынылған жеке оқу ақысының мөлшері күшін жояды және ол кезектегі келесі талапкерге берілуі мүмкін.

Талаптар/ критерийлер:

1. Жеке оқу ақысының мөлшері білім алушы қабылданған жылдың *Қызметтер құнының тізіліміне сәйкес* бір академиялық кезеңге (семестрге) белгіленеді және білім алушы тек «жақсы» және «өте жақсы» бағаларға оқыған жағдайда /«қанағаттанарлықсыз» немесе «қанағаттанарлық» бағалары болмаған жағдайда/, сондай-ақ тиісті сессия нәтижелері бойынша үлгерімнің орташа балы (GPA) **3,0-ден** төмен болмаған жағдайда ұзартылып отырады.

2. Конкурс комиссиясының шешімі бекітілгеннен кейін (Б-қосымшасы) талапкер жеке оқу ақысының мөлшерін белгілеу шарттарымен келісу туралы қол қойылған келісімшарттың түпнұсқасын (Университет үлгісі) Қабылдау комиссиясына тапсыруы қажет.

8. Университетте білім алушыларға/тыңдаушыларға оқытудың жеке құнын белгілеу тәртібі

8.1. Жеке оқу ақысының мөлшері білім алушының/тыңдаушының өтініші негізінде, осы Ережеде көзделген әр санат бойынша құжаттардың көшірмелерін міндетті түрде қоса беру арқылы белгіленеді.

8.2. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушылардың/тыңдаушылардың өтініштері және қоса берілген құжаттары Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі тарапынан осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген санаттардың талаптарына сәйкестігі мен дұрыстығы тұрғысынан қаралады.

8.3. Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі өтініштерді қарау барысында үміткерден осы Ережеде көзделмеген қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін.

Өтініш берушіден қосымша құжаттарды ұсыну талап етілген жағдайда, өтінішті қарау мерзімі қосымша 3 (үш) жұмыс күніне ұзартылатын болады.

8.4. Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі жүргізген тексеру нәтижелері негізінде, осы Ережеде белгіленген критерийлер мен талаптарға сәйкес, Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі тарапынан бұйрық рәсімделеді (бұйрықтың түпнұсқасы кеңсеге тапсырылып, көшірмелері Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімінде және Бухгалтерлік есеп бөлімінде сақталады).

8.5. Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі өтініш берушіге жеке оқу ақысының мөлшерін белгілеуден бас тартуға құқылы, бұл ретте бас тарту себебі көрсетілген жазбаша негізделген қорытынды Ережеге сәйкес ұсынылады.

8.6. Жеке оқу ақысының мөлшері білім алушыларға оқу жылының 1 (бірінші) жартыжылдығынан бастап белгіленуі мүмкін.

8.7. Жеке оқу ақысының мөлшері білім алушыға/тыңдаушыға Университет тарапынан қаржылық қолдау ретінде белгіленеді.

8.8. Жеке оқу ақысының мөлшері тек негізгі семестрлерге ғана белгіленеді, қосымша семестрлерді (жазғы және қысқы мектеп) есепке алмайды және тиісті негізгі сессия нәтижелері бойынша ұзартылып отырады, қайтадан пәндерді оқу және емтихандарды қайта тапсыру (FX бағасы) есепке алынбайды.

8.9. Білім алушы/тыңдаушы Университеттен қандай да бір негіз бойынша шығарылған жағдайда, белгіленген жеке оқу ақысының мөлшері шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап күшін жояды. Осы орайда білім алушы/тыңдаушы Университетке Қызметтер құнының тізілімінде бекітілген оқу ақысының мөлшері мен ұсынылған жеке оқу ақысы түрінде берілген қаржылық қолдау арасындағы айырмашылықты соңғы академиялық кезең/оқу жылы үшін өтеуге міндетті.

8.10. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖОО-да оқып жүрген білім алушылар үшін жеке оқу ақысының мөлшері серіктес ЖОО-да меңгерілген кредиттер есептелгеннен кейін белгіленеді.

8.11. Тиісті сессия қорытындылары бойынша негізгі академиялық кезеңдер (семестр) аяқталған соң, жазғы және қысқы мектепті есепке алмастан, әр санат үшін осы Ережеде көзделген үлгерім критерийлерін ұзарту мақсатында Офис-регистратор білім алушылардың/тыңдаушылардың транскрипттерін ұсынады.

8.12. Төрағаның және Басқарма мүшелерінің бастамасы бойынша Басқарма отырысында М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің штаттық оқытушыларына, қызметкерлеріне және/немесе қызметкерлерінің балаларына, сондай-ақ жоғары білім (бакалавриат), жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, EMBA, MBA, DBA, докторантура) бағдарламалары бойынша оқып жүргендерге, сондай-ақ Университетпен алдын ала келісім бойынша халықаралық және республикалық қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын конкурстарға қатысушы орта жалпы білім беретін

мектеп түлектеріне жеке оқу ақысының мөлшерін белгілеу мәселелері жеке тәртіпте қарастырылуы мүмкін.

8.13. Студент тиісті сессия қорытындысы бойынша белгіленген жеке оқу ақысының мөлшерін ұзарту критерийлерін растамаған жағдайда, А-қосымшасында көрсетілген рәсімдердің бірі қолданылады.

8.14. Қаржылық қолдаудың өзге түрлері «КАЗГЮУ Эндаумент» Корпоративтік қоры тарапынан, сондай-ақ жекелеген мектептер мен корпорациялармен жасалған меморандумдар негізінде ұсынылуы мүмкін.

9. Басқа шарттар

9.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ Басқармасының шешімі бойынша, Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімінің басшысы немесе Жоғары мектеп директорларының қызметтік жазбасы не ұсынысы негізінде, Басқарма Төрағасының алдын ала келісімімен енгізілуі мүмкін.

9.2. Осы Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Өзіндік қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі арқылы мүдделі тұлғаларға (құрылымдық бөлімшелердің, соның ішінде мектептердің басшыларына) жеткізіледі.

А-қосымшасы

СЫНАҚ МЕРЗІМІН ҰСЫНУ САЯСАТЫ (SCHOLARSHIP PROBATION)

Жеке оқу ақысының мөлшері белгіленгеннен кейін білім алушылар оның ұзарту критерийлеріне сәйкестігін растауы тиіс.

Егер білім алушы семестр қорытындысы бойынша жеке оқу ақысының мөлшерін ұзарту критерийлеріне сәйкес келмесе, келесі рәсімдер қолданылуы мүмкін:

Сынақ мерзімі (Scholarship probation),

Уақытша тоқтату (Suspension policy),

Толық тоқтату (Termination policy).

Сынақ мерзімі (Scholarship probation)

Scholarship probation ұғымы университеттегі өмірге бейімделу кезінде туындайтын мүмкін қиындықтарға, сондай-ақ оқу барысында денсаулық жағдайына немесе отбасылық себептерге байланысты енгізіледі. Бейімделу кезеңі ретінде 1-курс 1 (бірінші) академиялық кезеңі есептеледі.

Студентке бір семестрге (күзгі немесе көктемгі) сынақ мерзімі ұсынылады, бұл кезеңде жеке оқу ақысының мөлшері сақталады, бірақ шарт ретінде студент осы семестр ішінде үлгерімнің орташа балын (GPA) қажетті деңгейге дейін көтеруі тиіс.

Scholarship probation студенттің үлгерімнің орташа балы (GPA) талап етілетін 3,33 деңгейінен төмендеген жағдайда, бірақ 2,33-тен төмен болмаған кезде тағайындалады (2,33 – ең төменгі шекті деңгей).

Сынақ мерзімінің (бір семестр) қорытындысы бойынша білім алушы өз көрсеткіштерін жақсартып, үлгерім талаптары мен критерийлеріне сәйкес келуі тиіс. Әйтпесе, білім алушыға жеке оқу ақысының мөлшеріне қатысты бір семестрге «**Уақытша тоқтату (Suspension policy)**» мәртебесі беріледі.

Scholarship probation жеке оқу ақысының мөлшері қолданылатын бүкіл кезең ішінде тек бір рет қана жазбаша өтініш негізінде беріледі. Бұл ретте білім алушы сынақ мерзімінен бас тартып, бір семестр бойы жеке оқу ақысының

	М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне оқуға түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу туралы ереже	01-нұсқа «04» Шілде 2025 ж. 14 бет
---	---	---

мөлшерін уақытша тоқтату мәртебесінде бола алады және сынақ мерзімін кейінгі семестрлерге қалдыру мүмкіндігіне ие.

Уақытша тоқтату (Suspension policy)

«Бір семестрге жеке оқу ақысының уақытша тоқтатылуы (Suspension policy)» мәртебесі келесі жағдайларда беріледі:

- оқу үлгерімінің орташа балы (GPA) тиісті сессия қорытындысы бойынша 2.33-тен төмен болған білім алушыларға;
- сынақ мерзімінен (Scholarship probation) өткен, бірақ үлгерім критерийлерін растамаған білім алушыларға;
- Ережеге сәйкес туындаған басқа да жағдайларда.

Білім алушы белгіленген жеке оқу ақысын ұзарту критерийлеріне сәйкес келген сәтте, Білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі тарапынан бұйрық ресімделеді.

Жеке оқу ақысының қалпына келтірілуі студенттің бір семестрге жеке оқу ақысының уақытша тоқтатылу кезеңінде жұмсаған оқу шығындарын өтеуді білдірмейді.

Оқытудың жеке құнының қолданылуын тоқтату (Termination policy)

Бұл мәртебе оқушының жеке оқу құнын сақтау үшін оны қолдаудың барлық шараларын қабылдағаннан кейін және оқушы жеке оқу құнының критерийлері мен талаптарына сәйкес шекті деңгейге жетпеген жағдайда автоматты түрде пайда болады.

	М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне оқуға түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу туралы ереже	01-нұсқа «04» Шілде 2025 ж. 15 бет
---	---	---

Б - қосымша

Хаттаманың бірыңғай нысаны

Жоғары мектептің атауы Отырыс хаттамасының № ____ Конкурстық комиссия

Астана қаласы

Отырыс күні

Отырыс өткізу орны:

Комиссия төрағасы: _____

(лауазымын және толық аты-жөнін көрсету)

Комиссия мүшелері: (лауазымын және толық аты-жөнін көрсету)

Комиссия хатшысы: _____

(лауазымын және толық аты-жөнін көрсету)

КҮН ТӘРТІБІ:

М.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің абитуриенттері арасында «_____» (қажеттісін енгізу) санаты бойынша «M.Narikbayev Scholarship» бағдарламасы аясында жеке оқу ақысының белгіленуіне конкурс орындарын бөлу туралы

Күн тәртібі бірауыздан бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйледі

ҚАБЫЛДАНДЫ:

М.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің «M.Narikbayev Scholarship» бағдарламасы бойынша конкурс іріктеуінен өткен абитуриенттері арасында «_____» (қажеттісін енгізу) санаты бойынша бөлінген _____ (санын көрсету) орынды үлестіру және білім алушының қабылданған/қалпына келтірілген тиісті оқу жылына арналған қызметтер құнының тізіліміне сәйкес жеке оқу ақысын белгілеу:

№	Талапкердің толық аты-жөні (құжаттарға сай)	Конкурстық іріктеу нәтижелері (Ұпайлар және т. б.)
---	---	--

	М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне оқуға түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу туралы ереже	01-нұсқа «04» Шілде 2025 ж. 16 бет
---	---	---

1		
---	--	--

	М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне оқуға түсушілер мен білім алушыларға жеке оқу ақысын белгілеу туралы ереже	01-нұсқа «04» Шілде 2025 ж. 17 бет
---	---	---

Келісу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары	Кудайбергенов Г.Б.		
БЕБ бас бухгалтері	Увалиева Б.Б.		
ҚҚБ басшысы	Крушинский М.А.		
ҚДББ басшысы	Амиржанова Б.С.		
Маркетинг және сату бөлімінің Басшысы	Жекшенова Н.М.		